**Жолаушыларға арналған кедендік декларацияның құрылымы мен форматына өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 4 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 12 мамырдағы № 63 шешімімен бекітілген жолаушыларға арналған кедендік декларацияның құрылымы мен форматына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

| | |
|---|---|
| *Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* | *М. Мясникович* |

Еуразиялық экономикалық<br>комиссия Алқасының<br>2021 жылғы 12 қаңтардағы<br>№ 4 шешіміне<br>ҚОСЫМША

**Жолаушыларға арналған кедендік декларацияның құрылымы мен форматына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

10-кестеде:

а) 9.1.3.1.5-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **"*.1.5. Нетто салмағы** | **4-гр.** | **О** | **1** | | **егер "Нетто салмағы (csdo:UnifiedNetMassMeasure)" деректемесі толтырылса, онда "Нетто салмағы (csdo:UnifiedNetMassMeasure)" деректемесі нақты өткізілетін бастапқы қаптама ескеріліп, тауар салмағының** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(csdo:\|Unified\|Net\|Mass\|Measure)** | | | | | **килограммен мәнін қамтуға тиіс** |
| | | | 1 | | егер "Тауар саны (cacdo:\|Goods\|Measure\|Details)" деректемесі толтырылмаса, онда "Нетто салмағы (csdo:\|Unified\|Net\|Mass\|Measure)" деректемесі толтырылуға тиіс"; |

б) 9.1.3.1.6-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **"*.1.6. Тауар саны (cacdo:\|Goods\|Measure\|Details)** | **4-гр.** | **O** | **1** | | **егер "Нетто салмағы (csdo:\|Unified\|Net\|Mass\|Measure)" деректемесі толтырылмаса, онда "Тауар саны (cacdo:\|Goods\|Measure\|Details)" деректемесі толтырылуға тиіс";** |

в) 9.1.3.1.11-позиция мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **"*.1.11. Құны (casdo:\|CAValue\|Amount)** | **4-гр.** | **M** | **1** | | **"Құны (casdo:\|CAValue\|Amount)" деректемесі мүше мемлекеттің валютасымен, еуромен немесе АҚШ долларымен тауар құнының мәнін қамтуға тиіс";** |

г) 9.1.3.2-позиция, 9.1.3.2-позицияның "а" және "б" тармақшалары, 9.1.3.3 және 9.1.3.3.1-позициялар, 9.1.3.3.1-позицияның "а" және "б" тармақшалары, 9.1.3.3.2 және 9.1.3.4-позициялар мен 9.1.3.4-позицияның "а" және "б" тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **"*.2. Жалпы нетто салмағы** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(casdo:TotalNetMassMeasure)** | **–** | **В** | | | |
| а) өлшем бірлігі (measurementUnitCode атрибуты) | – | В | | | |
| б) анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші (measurementUnitCodeListId атрибуты) | – | В | | | |
| *.3. Тауар саны (cacdo:GoodsMeasureDetails) | – | В | | | |
| *.3.1. Өлшем бірлігі көрсетілген тауар саны (casdo:GoodsMeasure) | – | В | | | |
| а) өлшем бірлігі (measurementUnitCode атрибуты) | – | В | | | |
| б) анықтамалықтың (сыныптауыштың) сәйкестендіргіші (measurementUnitCodeListId атрибуты) | – | В | | | |
| *.3.2. Өлшем бірлігінің шартты белгісі (casdo:MeasureUnitAbbreviationCode) | – | В | | | |
| *.4. Қорытынды (жалпы) сомасы (casdo:TotalAmount) | – | В | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| а) валюта коды (currencyCode атрибуты) | – | В | | | |
| б ) анықтамалықтың ( сыныптауыштың ) сәйкестендіргіші ( currencyCodeListId атрибуты) | – | В". | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК